



**«Алтын Самұрық» бөбекжай -балалақшасы**  
**Модульдік оқыту технологиясы**

**Тәрбиеші: Бекарыстанова А**

Бала бақшада оқу тәрбие үрдісіне бағдарламалық барлық ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнына модульдік оқыту технологиясын еңгізу жүргізілуде. Себебі бұл технологияның білім берудегі балалар мен педагогтарға берері мол. Педагогтың шеберлігі арқылы баланың сөздік қорын, тілін, байланыстырып сөйлеуін, жалпы тілдік құзіреттілігін дамыта білуге жол ашады. Орыс ғалымы С.И.Ожегов «**Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның анық-талатын, біршама дербес бөлігі**» деген.

Балалардың байланыстыра сөйлеуде интеллектуалдық дамуында, оның шығармашылық мүмкіндіктерін байыта түсуде-оқу барысында

**«Модулдік оқыту» - технологиясын** қолдану үлкен орын алады. Себебі, кіші топ балаларының сөздік қоры аз, ата-аналарымен бақшадан тыс жерлерде өзге тілде сөйлеседі, ал, ересек, мектепалды тобында балалардың тіл байлығы нашар, сөздік қоры аз болғандықтан, өз беттерінше әңгіме құрастыра алмайды.

**Модулдік технологиялардың ерекшелігі:** тек білімді меңгерту емес, баланың танымдық қабілетін және танымдық процестерін, жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттырады.

**Модулдік технология педагогтың алдында тұрған көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі:**

- жалпы білім сапасын жоғарылату;
- сабақтың тиімділігін жоғарылату;
- жеке тұлғаның өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы.

Модулдік технология алға қойған мақсатқа балалармен бірлесе отырып проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

## **Модульдік оқыту технологиясының әдістері:**


1. Тірек – сызба немесе тірек сурет әдісі
2. Мнемокесте
3. Сенсорлық – графикалық сұлба әдісі
4. Пиктограмма
5. Пропп карта әдісі

**Байланыстырып сөйлеуді дамыту үрдісінің тиімді әдісінің бірі - тірек- сурет.**

Тірек- суретті кіші, ортаңғы ересек топтарына қолдану баланың байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін тигізетін әсері көп. Сонымен, қатар мұнда тілмен қатар зейін де, еске сақтау, сөздік қорды, логикалық ойлаулары да дамиды десек біз қателеспейміз. Тірек- суретті әр түрлі тақырыпта қолдануға болады.

Тірек сурет арқалы өлең жаттау, мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттауға болады. Балалардың байланыстырып сөйлеуді дамыту үрдісін жеңілдету үшін, көрнекі құралдардың маңызы зор. Яғни, тірек-сызбаны пайдалануда үлкен нәтижеге жеттік. Себебі, әңгімелеуде тіл қалыптасады, сөйлеу мәнерлігі қалыптасады, сөйлемді құрастыру тереңдетіледі.

**Жыл мезгілдеріне байланысты әңгіме құрастыру.**





SHOE CHANGE

**Сонымен қатар, тірек-сызбаларына сүйеніп көптеген түрін, әртүрлі тақырыпта жасауға болады. Тірек-сызба арқылы әңгіменің, тақпақтың, ертегінің мазмұның түгелдей түсініп есте сақтауына, кейіпкерлерді сақтап, баяндап әңгімелеуге септігін тигізеді. Тірек-сызба тек ертегіні әңгімелеуде ғана емес, сонымен қатар ойыншықтың, ыдыс-аяқтың, құстардың айырмашылығын, пішінің, неден жасалғанын айтып баяндап беру үшін де тірек-сызбаның көмегі өте нәтижелі екенің байқауға болады. Мұндай тірек-сызбалар ересек, мектепалды топтарында, қолдану тиімді болады.**

Жануарды сипатта.

А



Жануарды сипатта.

Қ




# Машенька и медведь

1



2



3




4



5



6



7





8



9





анықтайды. Бұл графикалық сұлба 6 карточка :

көз – қарау

қол – сипап сезу

ауыз – дәмін ажырату, әңгімелеу

мұрын – иіскеу

? (сұрақ белгісі) – қай топқа жатады

жүрек - өз көңілінді білдіру.

Осындай графикалық сұлба арқылы әңгімелегенде балалардың сөздік қоры кеңейіп, заттың түр-түсін, көлемін, сапасын, қасиетін білдіретін сөздерді үйренуге бағыт береді.

**Тақырыбы: «Алма»**

Алманы көзбен көріп, оның қызыл, үлкен екенін анықтадық.


Қолмен ұстап, оның тегіс және қатты екенін анықтадық.

Дәмін алып, оның қышқыл немесе тәтті екенін анықтадық.

Алманы иіскедік: хош, жұпар иісті екенін анықтадық.

? – қайда өседі? Оның ағашта өсетінін анықтау.

Мұндай сұлбаны мектепалды топтарында қолданса, келесі сұлбаны естияр топтарында қолдану тиімді



**Пиктограмма**— бұл арнайы белгі беленеленген карточка.

Карточкаға қарап отырған бала ертегіні, заттарды әңгімелеп, баяндап береді. «Оқыған кезде жаза, суретін сала, кестесін сыза отыру» - бұл есте сақтаудың ережесінің бірі екені барлығымызға мәлім.

Мысалы: жануарларды зерттеуде пиктограмманың қолдануы

Бұл не?

Құрылысы

Терісі

Түсі

Көлемі




Немен қоректенеді

Қалай дәм алады

Қимылы

Менің оған деген сүйіспеншілігім (қарым-қатынасым).

Пиктограмманы ересек, даярлық топтарында қолдану ыңғайлы болады. Мысалы: 1 жануарды (қоян) зерттеу.



**Мнемокесте** – есте сақтау қабілетін жеңілдететін және қосымша ассоциацияларды құраумен есте сақтау көлемін кеңейтетін әр түрлі тәсілдердің жүйесі.

**Әдістеменің ерекшелігі** – затардың бейнесін емес, ал оларды есте сақтау үшін таңбаларды қолдану. Бұл балаларға сөзді таңдау мен оны есте сақтауды біршама жеңілдетеді. Таңбалар тілдік материалға максималды жақындатылған. 2-ші сәбилер және естияр топтарының балалрына таңбалар түрлі түсті болуы тиіс, өйткені түстерді балалар тез қабылдап есте сақтауға мүмкіндік береді.

**Мнемокестемен жұмыс істеу әдістері**

Тілдің жалпы жетілмеуі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту үшін **Мнемокестені** мына бағыттар үшін қолданамын:



Сөздік қорларын байыту;


Сөйлем, әңгіме құрастыру;

Әңгімені құрастыру;

Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу;

Тақпақтарды жаттау.





## **ПРОПШ карта әдісі**

Бала ерте жасынан әңгіме, ертегімен таныса бастайды. Бірақ, ол өз ертегісін ойдан шығаруға, автордың ойын түсінуге, байланыстырып әңгіме құрастыруға, мазмұнына сәйкес сұраққа жауап бере алмайды. Сондықтан да, балалармен **ПРОПШ карта** жұмыстарын жүргізген жөн. 5-7 жасар бала ПРОПШ карта арқылы мазмұнды анализдеу, сараптама жасау әрекетін дамытуға болады. Ол үшін алдын-ала балалармен «ПРОПШ карталармен танысайық», Жалпы ПРОПШ картаның 31 түрі бар. Бірақ олардың барлығы ертегілерде кездесе бермейді. Ал балабақша жұмысына арнап іріктеп, 20 түрін қалдырды.

Олар:

- .Үйғарым немесе тыйым салу
- .Айып немесе бұзу
- .Зиян келтіру және жетіспеушілік.
- .Кейіпкердің кетуі.
- .Қиын мәселе
- .Сыйлаушымен кездесу
- .Сыйқырлы сый
- .Кейіпкердің пайда болуы
- .Антагонистің ең жоғарғы құрамы
- 0.Күрес
- 1.Жеңіс
- 2.Оралу
- 3.Үйге келу
- 4.Жалған кейіпкер
- 5.Сынау
- 6.Қайғымен жетіспеушілік жойылды.
- 7.Кейіпкердің танымал болуы
- 8.Той.
- 9.Жалған кейіпкердің әшкерленуі
- 0.Жауға тыйым салынады.


5. Қиын мәселе.



14. Жалған кейіпкер.



18. Той.



Олар:

- Ұйғарым немесе тыйым салу
- Айып немесе бұзу
- Зиян келтіру және жетіспеушілік.
- Кейіпкердің кетуі.
- Қиын мәселе
- Сыйлаушымен кездесу
- Сыйқырлы сый
- Кейіпкердің пайда болуы
- Антагонистің ең жоғарғы құрамы
- Күрес
- Жеңіс
- Оралу
- Үйге келу
- Жалған кейіпкер
- Сынау
- Қайғымен жетіспеушілік жойылды.
- Кейіпкердің танымал болуы
- Той.
- Жалған кейіпкердің әшкерленуі
- Жауға тыйым салынады.



Қорыта айтқанда, осы модульді оқыту технологиясы баланың есте сақтау, зейін, ойлау, елестету, қабылдау, танымдық шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру, сыйласу өзара қарым – қатынас орнату, қиындықтарға дайын болу, оны жеңу танымдық процестерді дамытады. Сондықтан біз сіздерге “Модульдік оқыту технологиясын” өз іс – әрекеттерінде әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданып, балаларды қызықтыра алып, жүзеге асырса, нұр үстіне нұр болар еді.

Сөз соңында бүгінгі күн талабына сай нақты, терең білім беруде жаңа технологиялар бірден –бір ұстаз сүйенер тұтқа дегім келеді.